



**Ө.А.ЖОЛДАСБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
АКАДЕМИЯСЫ АЛТАЙ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**АКАДЕМИЯ ЭКОНОМИКИ И ПРАВА ИМЕНИ
У.А. ДЖОЛДАСБЕКОВА
АЛТАЙСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ**

**ACADEMY OF ECONOMICS AND LAW NAMED AFTER
U.A. DZHOLDASBEKOV ALTAI STATE UNIVERSITY**

**«ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҒЫЛЫМ ДАМУЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ»
АТТЫ І ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ
22 желтоқсан 2015 ж.**

**МАТЕРИАЛЫ І МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ НАУКИ В
СОВРЕМЕННОМ МИРЕ»
22 декабря 2015 г.**

**THE MATERIALS OF THE FIRST INTERNATIONAL
SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
“ THE PROSPECTS OF DEVELOPMENT OF SCIENCE
IN THE MODERN WORLD”
22-d of December in 2015 year**

Талдықорған, 2016

Р. МӘРСЕКОВТІҢ ҒҰМЫРЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ: ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ

Әли Е.Ж.

**Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д. Байгунаков Д.С.
Ө.А.Жолдасбеков атындағы экономика және құқық академиясы,
Талдықорған, Қазақстан**

Өткен ғасырдың бас кезінде қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы әлемдік өзгерістерге байланысты жаңа қарқынмен дамып, кең түрде қанат жая бастады. Осы кездері ұзақ жылдарға созылған отарлық езгіге қарсы күрестің бел ортасында қазақтың көптеген бірегей азаматтары жүрді. Олардың арасынан Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Ақбаев, т.б. ерекше көзге түсті. Бұл азаматтардың қатарына Райымжан Мәрсековті де кіргізсе болады. Себебі ол қазақ халқының болашағы үшін күрескен, біртуар қайраткерлердің бірі болып саналады.

Жалпы алғанда, оның заңгерлік қырын, өмірлік ұстанымын көрсетпес бұрын ғұмырнамасына аздап тоқталып кеткеннің артықтығы бола қоймас: Райымжан Мәрсеқұлы 1879 жылы (кейбір деректерде 1877 ж. деп келтіріледі – С.С.) бұрынғы Семей облысы Өскемен уезінің Айыртау болысында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданында) дәулетті отбасында дүниеге келді. Алайда оның қайтыс болуы туралы нақты деректемелер жоқтың қасы. Зерттеуші-мамандардың пікірінше: Р.Мәрсеков 1922 жылы Қытайға қашып өтеді. Сол жақтағы жергілікті ел оны құрметпен қарсы алады. Сайып келгенде, Р.Мәрсековтің Қытайдағы тағдыры туралы дерек аз, сол аз деректердің өзінде қайшылықтар көп кездеседі. Р.Мәрсековтің қашан, қайда қайтыс болғаны толық мәлім емес. Бір деректерде «Құлжа тұрмесінде өлді» делінсе, екінші бір деректерде «Семей тұрмесінде өлген» делінеді.

Оның арғы атасы Сасықбай Терістаңбалы Найманның ішіндегі Семей, Өскемен өңіріне танымал шешен, ұшқыр ойлы, даналығымен белгілі болған адамдардың бірі болыпты. Ал әкесі Мәрсек кезінде Өскемен өңіріне атағы шыққан Айыртау болысының управителі болған екен. Елге ықпалды, беделді, жыр мен ән-күйге құмар адам болыпты. Оның көкірегі де ояу болды деуге негіз бар. Себебі заман ағымын дұрыс түсіне білген Мәрсек балаларын оқуға сүйреген. Ол Райымжанды уездік орыс-қазақ мектебінде оқытып, сауатын

аштыртып, алады да осыдан кейін Омбы қаласына оқуға жібереді. Р.Мәрсеков мұнда классикалық гимназиясыға оқуға түседі. Гимназия қабырғасында жүріп, біршама білім алады. Райымжан гимназияны 1897 жылы тәмәмдайды. Ресей білім жүйесінен нәр алған Райымжан Мәрсеков 1897 жылы Ресей империясының астанасы Санкт-Петербургтегі Император университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Ол білім алған жылдары және онан ілгері-кейінді кездері Петербургте қазақтың бірқатар зиялылары білім алғаны белгілі. Ресей империясының астанасында Ө.Бөкейхан, Б.Қаратаев, Ж.Ақбаев, Б.Құлманов, Ж.Сейдалин, А.Тұрлыбаев, Б.Сырттанов, М.Тынышбаев сияқты азаматтар да жоғары білім алған болатын [1].

Университет қабырғасында білім алып жүрген Райымжан қоғамдық жұмыстарға белсене кірісіп те кетеді. Өзімен құралпас білімгерлермен байланыс орнатып, достасады. Ол қазақ жастары мүше болған ұйымды құруға мұрындық болады. Оның бұл іс-әрекетіндегі өріптегі Ж.Ақбаев болған еді. Олардың бірігіп құрған студенттік жерлестер ұйымы ауық-ауық мәжілістерін, жиындарын өткізіп тұрды. Бұл жиындарда патшалық Ресейдің ішкі-сыртқы саясаты, әлеуметтік реформалары, т.б. сөз болды. Былайша айтқанда, басқосу отырыстарында, мерекелік іс-шарларда қазақ даласында болып жатқан саяси-әлеуметтік жағдайлар олардың назарынан тыс қалмады. Кейбір өзекті мәселелер ұйым мүшелері тарапынан қызу талқыға түсіп те жатты. Сонымен қатар ұйым мүшелері жағдайлары нашар қазақ студенттеріне қаражатпен көмектесу мәселесін де қолға алады. Елге қайту, демалысқа бару кезінде бір-біріне көмектесіп отырды. Осы ұйымның «жұмысы» барысында олардың азаматтық позициялары да қалыптаса бастады [2].

Өз кезегінде болашақ заңгер Райымжан Мәрсеков атақты ғалымдардан тиянақты дәріс алды және де олардың алдында өзінің ізденімпаздығын көрсете алды. Ол оқыған жылдары университеттің заң факультетінде И.Я. Фойницкий, В.В. Ефимов, В.И. Сергеевич, Н.М. Коркунов, В.Н. Латкин, Ф.Ф. Мартенс, А.Х. Гольмстен сияқты атақты ғалымдар қызмет еткен болатын. Олардың дәрістерін ұйып тыңдаған Р.Мәрсеков одан ары өз білімін ұштай берді [3].

Айта кету керек, Райымжан Мәрсеков білім құған жылдары Ресейде саяси жағдай ушығып тұрған кез еді. Осы уақыттарда патшалық империяға қарсы қарсылық қозғалыстарына қаладағы оқушы-студент қауымы белсене араласа бастаған болатын. Белсенді жастарды әрбір оқу орнынан кездестіруге болатын еді. Әсіресе Санкт-Петербургте жастары өте белсенділік танытты. Патша билігіне қарсы Санкт-Петербургте бірнеше рет студенттік қарсылықтар (митинг, стачка, ереуіл, т.б.) орын алды. Жоғары оқу орындары студенттерінің мұндай қозғалыстары 1899 ж. ақпан-наурыз айларында бірнеше рет орын алды. Алайда полицейлік империя оларды аяусыз басып жаныштады. Оны көрген Р.Мәрсеков те шыдап тұра алмады [3]. Ол да студенттік қауыммен бірге полицияның озбырлығына қарсы шықты. Міне, осындай қадамдар Р.Мәрсековтің шындалуына, өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына алып келді. Нәтижесінде ол қазақ халқының мүддесі үшін күресуге бел байлады және де күрескер ретінде қалыптасып үлгерді.

Шығыс Қазақстаннан бастап бүкіл сайын даланы басып өткен, одан ары ішкі Ресейдің жағдайын көрген Райымжан Мәрсеков қазақ жерінің мұның аңғара білді, оның талан-таражға түсіп тарылуына қынжылды. Райымжан

патша үкіметінің қазақ жеріне жүргізіп отырған отарлық езгісін өз көзімен көріп, жүрекпен сезінді. Оған қарсы шығуға бел буды. Өскелең жас күресуінің бір құралы ретінде студенттердің қозғалысын таңдап алды. Ол белсенді студент ретінде студенттер өткізген барлық іс-шарларға араласты. Алайда күші мығым патша жандармериясы 1899 жылғы студенттер толқуын күшпен жаныштады. Қозғалыс саябрысы бастағаннан соң, ең белсенді әрекет істеген студенттерді қуғындай бастады. Өте белсенді студенттер университеттен шығарылды. Олардың арасында Р.Мәрсеков те болған еді. Дегенмен біршама уақыттарға созылған іс-әрекеттердің барысында, келіссөздер жүргізу нәтижесінде үлкен кедергілерді жойып, аса мол қиындықтар арқасында ол университетке қайтадан қабылданып, оқуын қайта жалғастыруға мүмкіндік алды [3]. Дегенмен, жандармерия тарапынан оның соңынан қатаң бақылау қойылды, университет әкімшілігі тарапынан егер тағы да осындай белсенділік танытар болса оқудан шығарылатындығы ескертілді.

Оқуын жалғастырған ол заңгер болып қалыптасуды көксеріп, білімді еңсеруге талпынды, одан ары іздене берді. Өзін жақсы қырынан көрсете білген Райымжан Мәрсеков университетті 1902 жылдың сәуірінде төмамдайды да, елге қайтады. Ал осы уақыттарда Семей облысының әскери губернаторы А.Ф. Карповтың инициативасымен қалада Орыс География Қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семей қаласындағы бөлімшесі (подотдел) ашылған болатын. Онда жергілікті көзі ашық адамдар мен Семейге жер аударылып келген оқымысты ғалымдар мүше болып тұрған болатын. Қаладағы негізгі ғылыми ошақтың бірі болған бұл подотдел Р.Мәрсеков тарапынан қызығушылық тудырды. Сондықтан да болар, Райымжан да аталған бөлімшеге мүше болуға арыз береді де, мүше-қызметкер ретінде бөлімшеге қабылданды. Бөлімше мүшелері оның 1901 жылы «Санкт-Петербургское Ведомство» газетінде жарияланған «Қазақтар және қоныстанушылар» деген мақаласын өте маңызды, құнды еңбек деп бағалайды да, өлке өміріне қатысты материалдар қатарынан енгізіп, кітапхана каталогына кіргізеді. Өз кезегінде Р.Мәрсеков бөлімше жұмысына белсене араласып тұрды, оның жиындарына қатысты. Қызықты тақырыптарда өткен пікірталастарда ойын айтып, бірқатар мәселелерге қатысты баяндамалар жасап тұрды. Сөйтіп, ол 1902 жылдан 1911 жылға дейін Орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімшесінің мүше-қызметкері болды. Басқа қызметке тұрса да бөлімше жұмысынан ажырай қойған жоқ. Онымен тығыз байланыс орнатады. Заңгер болғандықтан Райымжан Мәрсеков бастапқыда Семейдің округтік сотында «помощник присяжного» лауазымында қызметке тағайындалған болатын. Университет бітргеннен кейін ол бұл қызметті 1907 жылға дейін атқарады. Кейіннен Тобыл округтік сотында Тар уезінің тергеушісі болып ауысады. 1908 жылы Омбы сот палатасының шақыруымен Омбыға келіп, 1912 жылға дейін адвокатура саласында қызмет істейді [4]. Бұл тұста патша үкіметі саясатына қарсы шыққан қазақтың бас көтерер азаматтары мен зиялылары жаппай қуғындалып, түрмеге жабылып, жер аударылып жатқан еді. Осында жүріп ол бірқатар істерге араласты. Қарапайым қазақ мүддесі үшін күрес жүргізді.

Р.Мәрсеков 1912 жылы Омбы қаласынан Семейге қоныс аударады. Оның Семейге көшіп келуін жергілікті халық зор оқиғаға балап, қуанышпен қарсы алды. Қызметке қызу араласып, өзін тез арада білгір заңгер-адвокат ретінде таныта білді. Ол қызметте қазақ жұртына қатысты істерді мұқият

қарап, сот қазылардың өділ үкім шығаруына атсалысады. Жазықсыз істі болғандарға ара түсіп, заң жолын білмеген қазақтарға жөн сілтеп, жәрдемші болады. Қолы өділдікке жетпей жүрген көптеген қандастары оның тікелей араласуымен заң жүзінде жалған жаладан құтылып, бостандық алып отырды. Негізінде, ол жұмыс бабымен ел арасында көп болады. Ол – заңгер ретінде патша әкімдерінің қазақ жеріне жүргізіп отырған жарлықтарының түк қисынға келмейтінін мінеді. XX ғасыр басында қазақ зиялы қауым өкілдерінің алдында жер, тіл, дін секілді шешімін таппаған мәселелер тұрған еді. Бұл мәселелерді шешудің бірден-бір жолы съезд шақыру арқылы бас қосып, ақылдасу екендігін түсінген зиялылар қазақ тілінде жарық көрген тұңғыш журнал «Айқап» пен «Қазақ» газетіне осы төңіректе ой-пікірлерін жариялай бастады. «Бас қосу» мәселесі туралы халыққа үн тастаған «Айқаптың» редакторы М.Сералин болып, оның ұсынысына орай ең алғаш ой-пікір білдірген де, патша үкіметінің қазақ еліне жүргізіп отырған отарлау, қоныстандыру, орыстандыру саясаттарына қарсы шыққан қазақ қайраткері Ж.Сейдалиннің отарлық саясатқа қарсы «бас қосып кеңесейік, сиезд шақырайық» деген бастамасын құп алған да осы Райымжан еді [5].

Өткен ғасырдың бас кезінде қазақ сахарасында қалыптасқан Алаш қозғалысына, Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметінің қызметіне де Райымжан Мәрсеков кеңінен араласты. Р.Мәрсеков ел үшін, жер үшін отаршыл жүйеге қарсы шыққан ұлт зиялыларымен байланыс орнатып, олардың іс-әрекеттерін заңдық тұрғыдан сүйемелдеп отырды. Ойларын ашық айтып, бұқаралық ақпарат көздерінде жариялап отырды. Ұлт көшбасшыларымен тығыз қарым-қатынас орнатып, «Алаш Орданың» белді де белсенді мүшесі болды [5]. Партия мен үкіметтің міндеттері мен мақсатын заңды тұрғыдан түзуге ат салысты.

Айта кету керек, 1917 жылдың 15 маусымынан бастап шыққан «Сарыарқа» газетінің редакторы қызметін алаш қайраткерлері Х. Ғаббасұлы, И. Әлімбекұлы, Р. Мәрсеқұлы, Ш. Керейбаевтар кезектесіп атқарған болатын. Аталмыш газет беттеріне Алаш қозғалысы туралы хабарлар, Алашорда үкіметінің қаулы-қарарлар, құжаттары жарияланып тұрды. Осы «Сарыарқа» газетінде Райымжан Мәрсековтің «Көпшілдер кесірі – шет мемлекеттердегі қозғалыс», «Заң жобасын даярлайтын комиссия», «Керектің керегі – ғылым», «Оқшау сөз» сынды мақалаларын жариялап шықты [5]. Оның мақалалары көбінесе құқықтанулық талдауларға негізделген еді.

Оған алашордалықтар заңнамалық құжаттарды талдауды тапсырып отырды, бірқатар қызметтер ұсынды. Мәселен, ол Алашорданың Семей облыстық комитеті басшыларының бірі болды, Қазан төңкерісінен кейін 1917 жылы Семей облыстық қазақ комитетінің төрағасы және облыстық атқару комитетінің мүшесі болып сайланды [6]. Сондай-ақ ол Семей қаласында жаңадан құрылған облыстық уақытша қазақ сотының төрағасы қызметін қоса атқарады. Бұл жерде оған заңгер дипломының көп жәрдемі тиді. Тіпті оның жәрдемі қарапайым қазаққа да тиіп жатты. Өйткені осы Уақытша қазақ соты шовинистік пиғылдағы кейбір қызметкерлердің іс-әрекеттеріне дер кезінде тойтарыс берген болатын.

Заңгер болғандықтан Р.Мәрсеков көп жайттарды құқықтану тұрғысынан бағалады. Семей қазақ облыстық комитетінің төрағасы қызметін атқарып жүрген кезінде оның трапынан бірқатар өзекті мәселелер көтерілді. Соның ішінде автономия құру, комитеттер ашу, дін, жер, сот, әйел мәселелері, жалпы

қазақ сиезін шақыру сияқты сауалдарды көтерген болатын. Сиез шақырылып, оған төрағалық еткен Р.Мәрсеков құрылған облыстық қазақ комитетіне мүше болып та сайланады. 1917 жылдың 8 қазанында Семей қалалық думасының шешімімен Томск қаласында өткен жалпысібірлік съезге депутат болып та қатысады. Ал 1917 жылы 9 желтоқсанда Семей қаласында Семей уездік Жер басқарамасының I төтенше мәжілісі өткен кезде, оның мәжілісіне төрағалық етеді. Ертесіне есеп-қаржылық комиссия құрамына да сайланады [6]. Ол халық мүддесі үшін шалғайдағы амеркалықтармен де байланыс орнатады. Бұған себеп Азамат соғысы жылдары ел күйзеліп, көптеген заттар жетіспей жатты. Соның ішінде халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету тұрған болатын. Ол Владивосток қаласында жұмыс істеп жатқан американдық «Андерсен, Майер және К» фирмасының бөлімшесімен келіссөз жүргізеді. Нәтижесінде Семей облыстық земствоның атынан 15 миллион сомның тауарын алдырады. Бұл тауарлар күнделікті тұтынатын ең қажетті заттар еді.

Заңгер Райымжан Мәрсеков халықты қорғауда зор белсенділік танытты. Қытайға барып, Шәуешек, Үрімжі жерлерін аралап, жергілікті қытайлық үкіметтен көмек сұрай барған делегация құрамына да енеді. Онымен бірге делегация құрамында А. Зайтұрсынұлы, М. Дулатұлы, С. Аманжолов, т.б. болған еді. Алайда өз ішінде азамат соғысы болып жатқандықтан, олар көмек берудің еш мүмкіндігі жоқ екендігін айтып шығарып салады. Бұл сапардан қазақ делегациясы атамекендеріне жабырқап оралады.

Райымжан Мәрсеков Алаш Орданың өз армиясы, милициясы болуы керек екендігін жақсы түсінді. Сондықтан да Алаш Орда милициясын (өскерін) құруға да белсене араласты. Алаш азаматтары М. Дулатұлы, Б. Сәрсенов, С. Дүйсембин, А. Қозбағаров, М. Боштаев, М. Тұрғанбаев, И. Әлімбековтармен бірлесе отырып алаш полкін жасақтауға атсалысады. Бұл полкті штабс-капитан Хамит Тоқтамышов басқарады. Р.Мәрсеков оның негізгі міндеттерін айқындауға тырысып бақты [7].

Алайда Кеңес үкіметі орнап Алаш Орда таратылғаннан кейін Р. Мәрсеков кеңестік қызметке де араласа бастайды. 1922 жылдары Райымжан Семей губерниялық атқару комитетінің ақпарат-нұсқаушы бөлімінде инспектор-тексеруші қызметін атқарады.

Райымжан Мәрсековті заңгер-публицист ретінде де тануға болады. Ол мақалаларының біразын «Р.М.», «РОМ», «Найман» деген бүркеніш есімдермен жариялаған болатын. Автордың мақалалары тақырыптарының әр алуандығымен ерекшеленеді. Дегенмен олардың негізінде құқықтанулық талдау жатты. Ол қазақ жеріне қатысты жариялаған үкімет реформалары мен заңдарына, қазақ жеріне келімсектерді қапнатқан Столыпиннің реформасына наразылық танытты. Еңбектерінде заңгер қазақ халқының мүддесін көтеруге мейлінше тырысып бақты..

Жалпы, Райымжан Мәрсековтың жүріп өткен өмір жолы күрделі. Оның заң саласында атқарған қызметіне әлі-күнге дейін нақты тарихи-құқықтық талдау жасалына қойған жоқ. Мұндай олқылықтарды келешектегі ізденістердің толықтырыарына шүбә жоқ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлина Р. Райымжан Мәрсеков - алыстағы жылдардың қасіретті тағдыры: [Қазақстан шыққан тұңғыш заңгер Р.Мәрсеков туралы] // Дидар. - 1999. - 10 шілде.

2. Қамзабекұлы Д. Алаштың рухани тұғыры: ғылыми зерттеу. - Алматы: Ел шежіре, 2008. -357 б.
3. Дулатбеков Н. Алаш ардақтылары: Санкт-Петербург іздері. - Қарағанды: Болашақ, 2012. -188 б.
4. Канафин К.К. Райымжан Мәрсеков. Формирование мировоззрения. Общественно-политическая деятельность (1879-1922 гг.): дис... канд. ист. наук. - Алматы, 1999. -125 с.
5. Смағұлова С. Райымжан Мәрсековтың жұмбақ жақтары өте көп // Жебе.- 2013. - 18 шілде (№ 21). – Б. 13
6. Өзбекұлы С. Райымжан Мәрсековтың қоғамдық-саяси және құқықтық көзқарасы // Тураби. -2003. -№4.- Б. 113-121
7. Қайратұлы Б. Райымжан Мәрсеков // Қазақстан патриоты. -2013. -№3. – Б. 5